# Magjan juldyzy

6+

Мағжан Жұмабаев ауданының газеті ● 2008 жылдың 11 шілдесінен шығады ● № 9 (808) 29 ақпан 2024 жыл

www.facebook.com/ Magzhan zhuldizi https://vk.com/ Magzhan zhuldizi e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz


НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!



## БІР УАҚЫТ БЕЛДЕУІНЕ КӨШУ:

### 1 НАУРЫЗДАН БАСТАП ҚАЗАҚСТАНДА НЕ ӨЗГЕРЕДІ?

***1 наурыздан бастап Қазақстанда барлық сағат бірдей уақытты көрсететін болады.***

#### САҒАТТЫ КІМ ЖӘНЕ ҚАЛАЙ АУЫСТЫРУЫ КЕРЕК

Көктемнің алғашқы күні Қазақстан тұтастай UTC+5 уақыт белдеуіне көшеді. Қазір қазақстандықтар UTC+5 және UTC+6 деген екі уақыт белдеуінде тұрып жатыр. Осы себептен елдің басым бөлігі географиялық уақытынан алда келеді. Енді Астана, Алматы, Шымкент, Ақмола, Алматы, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан, Шығыс Қазақстан облыстарында және Абай, Жетісу, Ұлытау облыстарында 2024 жылғы 29 ақпаннан 1 наурызға қараған түні (сағат 00:00-де) жергілікті уақытты 1 сағатқа артқа қою керек.

Цифрлық даму министрлігі телефон мен компьютердегі сағатты бір уақыт белдеуіне келтіру үшін не істеу керегін айтты. Ведомствоның түсіндіруінше, бұл үшін гаджеттің операциялық жүйесін жаңарту жеткілікті.

#### ОНЛАЙН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР

1 наурызға қараған түні қазақстандықтар үшін бірқатар онлайн мемлекеттік қызмет қолжетімсіз болады. eGov.kz порталы және оның "Е-Нотариат" секілді құрамдас бөліктері өз жұмысын тоқтатады.

#### НАМАЗ УАҚЫТЫ ӨЗГЕРЕДІ

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы Қазақстанның бір уақыт белдеуіне көшуіне байланысты ресми сайтындағы намаз уақыты 1 наурыздан бастап жаңаратынын хабарлады.

29 ақпаннан 1 наурызға қараған түні сағат 00:00-де Қазақстан бойынша UTC (дүниежүзілік үйлестірілген уақыт) +5 уақытына ауысқан сәтте намаз уақыттары да автоматты түрде өзгереді. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының ресми www.muftyat.kz сайтындағы намаз кестесінен өздеріңізге қажетті ауыл мен қаладағы намаз уақыттары жайлы мәліметтерді алуға болады.

#### МЕКТЕПТЕРДЕ САБАҚ УАҚЫТЫ ӨЗГЕРЕДІ

Мектептерде бірінші ауысымдағы сабақтар кейінірек басталуы мүмкін. Бірыңғай уақыт белдеуін енгізуге байланысты Білім министрлігі әкімдіктерге сабақтың басталу уақытын қайта қарауға мүмкіндік береді. Бұл туралы Білім министрі Ғани Бейсембаев айтты.

#### ҰШАҚ КЕСТЕСІ

Әуе компанияларының ұшу кестесіне өзгерістер енгізіледі. Компаниялар көптеген рейстің уақытын реттегенімен, кейбір жолаушыға ұшағының бір сағат бұрын ұшатыны туралы ескертіледі. Олардың электрондық поштасы мен телефон нөміріне SMS-хабарламалар мен хаттар барады. Мұнымен қатар жолаушылар хабарландыруды күтпестен ұшақтың ұшатын уақытын өздері тексере алады.

#### ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫНЫҢ ТАРИФТЕРІ ЖӘНЕ ЖЕЛІ ЖҮКТЕМЕСІ

Ұлттық электр желісі операторы «KEGOC» АҚ Қазақстанда біртұтас уақыт белдеуіне көшу таңертең және кешке электр энергиясын тұтынудың шамалы өсуіне әкелетінін мәлімдеді. Дегенмен компания жүйе жүктемені көтереді және электр қуатының үзілуіне байланысты тәуекелдер жоқ деп сендірді. «KEGOC» АҚ төрағасы Нәби Айтжановтың айтуынша, азаматтар тұтыну тарифтерін бағаны өсірмей төлей береді.

#### КӘСІПКЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН КАССАЛЫҚ МАШИНАЛАР

Өзгерістер касса жүйелеріне де әсер етеді. Кейбір құрылғыларда уақытты қолмен өзгерту қажет болады, ал басқаларында бұл автоматты түрде жүзеге асады. Кейбір кәсіпкерге кассалық аппараттарының баптауларын өзгерту қажет болады.

#### БАЙЛАНЫСТАҒЫ КЕДЕРГІЛЕР

Бірыңғай уақыт белдеуіне көшу ұялы байланыс операторларының ай сайынғы тарифтерді қосарландыруы және басқа да қызметтерді үзуіне әкелуі мүмкін. Дегенмен байланыс операторлары мұндай оқиғаларды болдырмау үшін шара қолданып жатқанын айтып сендірді.

БИЛІК ПЕН БҰҚАРА

## АЗАМАТТАРДЫ БІРЫҢҒАЙ ҚАБЫЛДАУ КҮНІ ӨТТІ



Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында 28 ақпан күні Булаев қаласындағы аудандық Мәдениет үйінде «Азаматтарды бірыңғай қабылдау күні» өтті. Шара аясында аудан әкімі Қайрат Омаров, аудан әкімінің орынбасарлары, Булаев қаласының әкімі, бөлім басшылары, сонымен бірге полиция және прокуратура өкілдері азаматтарды жеке қабылдады.

Бірыңғай азаматтарды қабылдау күнінің басты мақсаты – билік органдарының азаматтардың нақты әлеуметтік проблемаларын шеше отырып, халықпен тікелей қатынас орнату болып табылады.

Түрлі түйіткілдерімен келген тұрғындар аудан басшылығына арыз-шағымдарын тікелей бетпе-бет жеткізуге мүмкіндік алды. Аудан бойынша өткен бірыңғай азаматтарды қабылдау күніне келген аудан тұрғындарының басым бөлігі жеке басының уәжімен келді. Сондай-ақ, тұрғын үй, таза ауыз су, жолдарды жөндеу, жайылымдарды кеңейту, жұмысқа орналасу, еңбекақы төлеу, көші-қон заңнамасы бойынша бірқатар өтініштері мен ұсыныстарын жеткізді.

Мағжандықтардың талап-тілектерін мұқият тыңдаған аудан әкімі Қайрат Омаров көтерілген мәселелерге байланысты жауапты бөлім басшыларына айтылған арыз-шағымдарды назарға алып, шешуді тапсырды.

Таңғы сағат 10:00-нан басталған қабылдауға осы уақыт аралығында аудан әкіміне 11 азамат, бөлім басшыларына 6 адам, ауылдық округтердің әкімдеріне 25 адам жеке сұрақтарымен келіп, тиісті жауаптарын алды. Қабылдау сағат 14:00-ге дейін жалғасты.

**Еркін ТӨЛЕГЕН.**

## ХАБАРЛАМА

2024 жылғы 25 ақпанда Мағжан Жұмабаев ауданы Авангард ауылдық округі әкімінің сайлауы өтті.

Мағжан Жұмабаев аудандық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14-бабы 9) тармақшасына, 44-бабы 2 тармағына, 113-10 бабына сәйкес Авангард ауылдық округінің әкімін сайлау қорытындысы туралы учаскелік сайлау комиссиясының хаттамасы негізінде сайлау қорытындысын белгіледі:

Сайлау округі бойынша сайлаушылар тізіміне 631 азамат енгізілді, оның 444 дауыс берді. Жарамсыз деп танылған бюллетеньдер саны – 20, «Барлығына қарсы» деген белгімен – 6. Есептен шығару куәліктері бойынша ешкім дауыс берген жоқ, дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс берген сайлаушылар - 37.

Әрбір кандидат үшін берілген дауыстар саны:

Конюшевский А.А. – 360; Кучерявая Н.С. – 33; Тищенко Н.Ю. – 25.

Авангард ауылдық округінің әкімі болып Александр Андреевич Конюшевский сайланды, 1979 жылы туған, әкім, «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Авангард ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ-сі, Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Булаев қаласында тұрады, «AMANAT» Партиясы» ҚБ аудандық филиалы ұсынған.

**Мағжан Жұмабаев аудандық сайлау комиссиясы.**

## ТЕХНИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАР ЖҮРГІЗІЛЕДІ




**Бірыңғай UTC +05.00 уақыт белдеуіне көшуге байланысты 2024 жылғы 29 ақпанда сағат 22:00-ден 2024 жылғы 1 наурызда 02:00-ге дейін техникалық жұмыстар жүргізіледі.**

Осы уақыт аралығында келесі жобалар:

- eGov.kz порталы және оның құрамдас бөліктері;
- egov mobile мобильді қосымшасы;
- «Е-нотариат» бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйесі;
- «Техникалық бақылау» бірыңғай ақпараттық жүйесі;
- «e-Otinish» электрондық өтініштер қызметі;

және «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ жүргізетін басқа да ақпараттық жүйелер мен мемлекеттік дерекқорлар үшін қысқа мерзімді қолжетімсіздік болуы мүмкін.

**«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасы. www.nitec.kz**

МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫ

# ЖАСТАРДЫ ҚОЛДАУ – БОЛАШАҚТЫҢ ІРГЕТАСЫН ҚАЛАУ

**Жалпы, тәуелсіздік жылдарында мемлекетіміз жастарды қолдауға басымдық беріп, осы бағытта көптеген шараны жүзеге асырды. Әсіресе, соңғы уақытта ел жастарына көңіл бөлу, оларды барынша жан-жақты қолдау ісі ерекше қарқын алды. Себебі ел ертеңі жастар болғандықтан, олардың қазіргі хал-ахуалы, тәлім-тәрбиесі, алып жатқан білімі – бәрімізге маңызды болуы тиіс. Елдің айнасы – жастар. Егемендікті сақтайтын да – болашақ ұрпақ.**




Мен сенемін жастарға,
Алаш атын аспанға,
Шығарар олар біртанда
Мен жастарға сенемін.

Бұл ғасыр бұрын жастардың жігеріне сеніп, оларға аманат арқалатқан өлең еді. Әлі де өз маңызын жоғалтпаған Мағжанның рухты өлеңі бізді жігерлендіретіні анық. Мағжанның сенген жастары ел үмітін ақтады. Егемендікті алды, тәуелсіздіктің таңын атырды. Ендігі Мағжанның сенген жастары – біз. Бізге келген тәуелсіздіктің қадіріне жетіп, ұлттық болмысымызды сақтай отырып, алға қарай қадам басу – біздің алғашқы жоспарымыз болуы тиіс. Себебі бізге берілген мүмкіндіктер шексіз. Мұның бәрі ел болашағы үшін атқарылған дүние. Мағжан секілді біз де өз кезегімізде болашағымызға өшпес мұра қалдыруға міндеттіміз.

Мәселен, 29 жасқа дейінгі халық бүгінде ҚР барлық тұрғындарының 49%-дан астамын, ал 35 жасқа дейін қоса алғанда - бірден 59%-ын құрайды.

Осы деректерге сүйене отырып, біздің еліміздің дамуы, оның негіздері қазіргі кезде қаланып отыр, жас қазақстандықтардың даму деңгейімен, олардың қоғамға кірігуімен тығыз байланысты.

Университетті немесе колледжді бітіргеннен кейін бірден жұмыс табу барлық тіркелген мамандарға мүмкін емес. Жұмыс беруші, көбінесе, жұмыс тәжірибесі бар қызметкерді жалдауға мүдделі. Бұл жағдайда кешегі түлектерге «Жастар практикасы», «Бірінші жұмыс орны», «Ұрпақ келісімшарты» бағдарламаларын іске асыра отырып, мемлекет көмекке келеді.

Осы жылдан бастап белсенді шаралармен айналысатын жас қатысушылар үшін жалақы 25-тен 30 АЕК-ке дейін ұлғайтылды. Тәжірибе, еңбек өтілі және жастар практикасы, бірінші жұмыс орны, ұрпақ келісімшарты бағдарламаларына қатысушы болу үшін жас түлек Мағжан Жұмабаев ауданының мансаптық орталығының филиалына жүгініп, оқу орнын бітіргені туралы дипломын ұсыну қажет.

«Жастар практикасы» - жоғары оқу орындары мен колледждерді мемлекеттік қолдаудың қосымша шарасы. Оқу аяқталғаннан кейін бес жыл ішінде 35 жастан аспаған жұмыссыздар бағдарламаға қатыса алады. Жастар практикасынан өту кезеңі 6 айдан 12 айға дейін ұзартылды.

«Бірінші жұмыс орны» - 35 жастан аспаған, кәсіптік білімі жоқ жастар үшін бірінші жұмыс орнында тәжірибе алуға арналған жұмыс, жұмыс ұзақтығы 18 айдан аспайды, 30 АЕК мөлшерінде жалақыны мемлекет төлейді. Жобаға қатысу аяқталғаннан кейін жұмыссызға кемінде 12 ай мерзіммен тұрақты жұмыс орны беріледі, жалақы мөлшерін жұмыс беруші айқындайды.

«Ұрпақ келісімшарты» - 3 жыл ішінде оқуын аяқтаған және 35 жастан аспаған оқу орындарының түлектеріне арналған жұмыс орны, ол зейнеткерлік жасқа дейінгі жұмыскерлерден жинақталған тәжірибені алу үшін құрылады. Жұмысқа қойылатын талаптарды жұмыс беруші белгілейді, жұмыс ұзақтығы 6 айдан аспайды, 30 АЕК мөлшерінде жалақыны мемлекет төлейді.

Жобаға қатысу аяқталғаннан кейін жұмыссызға тұрақты жұмыс орны беріледі не ол зейнеткерлік жасқа толған қызметкерді алмастырады. Жалақы мөлшерін жұмыс беруші анықтайды.

Жастар үшін бұл қолайлы жұмыс табу мүмкіндігі ғана емес, сонымен қатар еңбек тәжірибесін алудың тамаша мүмкіндігі. Бұл мемлекеттік жобалар - бұл өмірге арналған жолдама. Тәжірибе көрсеткендей, мемлекеттік қолдаумен қатар, жас мамандардың болашағы олардың ұтқырлығына, мақсаттылығына, табандылығы мен тәуелсіздігіне байланысты.

Жалпы, осы бағыттағы жастар саясатының дамуы іске қосылған жобалардың, сондай-ақ еліміздің жастұрғындарының бастамаларының арқасында қарыштап қарқын алуда. Жыл сайын еңбек нарығына өзінің алғашқы жұмысын іздеп жүрген үш жүз мыңнан астам жас қазақстандықтар шығады. Ал осы бағытта тұрақты негізде енгізілетін түрлі жобалардың арқасында елдің экономикалық белсенді жас халқы бүкіл жүйені дамытуға табысты қатысады.

***«Кәсіпкерлік бастамаға жәрдемдесу»***

Кәсіпкерлік бастамаға жәрдемдесу келесі жолдар арқылы көрсетіледі:

1) кәсіпкерлік негіздеріне оқыту;
2) жаңа бизнес идеяларды іске асыруға өтеусіз гранттар беру;
3) 35 жасқа дейінгі жастар үшін қайтарымды негізде микрокредиттер беру.

Жастар қатарындағы үміткерлерге микрокредиттер мерзімділік, ақылылық, қайтарымдылық, қамтамасыз ету, нысаналы пайдалану қағидаттарын сақтай отырып беріледі.

Микрокредиттер келесі тұлғаларға беріледі:

1) жұмыссыздарға;
2) Кодекстің 207 бабы 1 тармағында белгіленген зейнеткерлік жасқа толмаған жұмысынла қысқаруға түскен жұмыскерлерге;
3) жеке кәсіпкер ретінде тіркеусіз кіріс алу мақсатында тауарларды өндіру (өткізу), жұмыстарды орындау және қызметтер көрсету жөніндегі қызметті дербес жүзеге асыратын және (немесе) әрекетсіз жеке кәсіпкерлерге;
4) отбасылық кәсіпкерлікте ақы төленбейтін қызметті дербес жүзеге асыратындарға;
5) күнкөріс деңгейінен төмен табыстары бар сату (айырбастау) үшін жеке қосалқы шаруашылықта өнім өндіру жөніндегі қызметті дербес жүзеге асыратындарға;
6) табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен өндірістік кооперативтердің мүшелеріне;
7) ісін жаңа бастаған және/немесе жұмыс істеп тұрған жеке кәсіпкерлерге.

Жастар арасынан үміткерлерге микрокредиттер мынадай шарттармен беріледі:

1) микрокредит мерзімі – 5 (бес) жылға дейін, мал шаруашылығы саласындағы жобалар үшін микрокредит мерзімі - 7 (жеті) жылға дейін;
2) микрокредиттің ең жоғары сомасы - 5 (бес) миллион теңгеге дейін;
3) номиналды сыйақы мөлшерлемесі - жылдық 2,5 (екі жарым) пайыздан аспайды;
4) кепілмен қамтамасыз етудің болуы;
5) негізгі борыш пен сыйақыны өтеу жөніндегі жеңілдікті кезең микрокредиттеу мерзімі ұзақтығының 1/3 (үштен бірінен) аспайтын мерзімін құрайды;
6) микрокредит алу үшін сенім білдірілген өкілге (агентке) жүгінген кезде жеке кәсіпкер ретінде тіркеудің болуы Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салық органдарында бес жылдан кем уақытты құрайды.

Барлық туындаған сұрақтар бойынша Булаев қаласы, Мир көшесі, 8А үй мекен жайына жүгінуге немесе 8(715-31) 2-81-94 телефоны арқылы хабарласуға болады.

**Сергей КВАСИБОРСКИЙ,**
**Мағжан Жұмабаев атындағы мансаптық орталығы филиалының директоры.**

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

# ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ОСАЛ ТОПТАРЫНА АРНАЛҒАН МЕМЛЕКЕТТІК ГРАНТТАР



**Бүгін біз кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау бағдарламасы туралы айтып береміз. Оны кім ала алады? Қандай талаптар қарастырылған?**

Айлық есептік көрсеткіштің 400 еселенген мөлшеріндегі мемлекеттік грант - бұл жаңа бизнесті бастау және дамыту үшін қайтарымсыз негізде берілетін бастапқы капитал.

Грант қаражаты халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын азаматтарға өз бизнес әлеуетін іске асыруға, өндірісті жолға қоюға және дамытуға, сол арқылы өздерін тұрақты табыспен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Гранттар мынадай бағыттарды дамытуға ғана беріледі: қажетті мүкәммалды, еңбек құралдарын, технологиялық жабдықты, жануарларды, малды, құсты, көшеттерді, бұталарды, тұқымдарды, көшеттерді сатып алу, үй-жайларды жалға алу ақысын төлеу.

Гранттар тұтыну мақсаттарына, кредиттік қарыздарды өтеуге, тұрғын үй жылжымайтын мүлігін сатып алуға және салуға, жер учаскелерін сатып алуға, акцизделетін өнім өндіруге берілмейді. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің өткен жылғы 30 маусымдағы бұйрығына сәйкес, 400 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде гранттар жұмыссыз немесе жеке кәсіпкер болып табылатын халықтың әлеуметтік осал топтарына тіркеу мерзімі үш жылға дейін беріледі.

Атап айтқанда, атаулы әлеуметтік көмек алатын азаматтар, асыраушысынан айырылу бойынша жәрдемақы алатын көпбалалы отбасы мүшелері, қандастар, еңбекке қабілетті мүгедектер және мүмкіндігі шектеулі балалардың қамқорлығындағы адамдар осы бағдарламаға қатыса алады.

Ол үшін қатысушының "Бастау Бизнес" оқу курсының сертификаты болуы керек, оны беру мерзімі үш жылдан аспайды. "Бастау Бизнес" курсы бойынша оқуға тіркеу Порталда жүргізіледі business.enbek.kz. сонымен қатар, Сіз порталдан бизнес-жоспардың үлгісін жүктеп, оны толтырып, порталға қайта жүктеуіңіз керек. Гранттар конкурстық негізде беріледі.

Грант алғаннан кейін үміткер Ережеге сәйкес тоқсан сайын мемлекеттік қаражатты пайдалану туралы есеп беруі керек.

**Гүлвира ЫБЫРАЕВА,**
**аудандық мансаптық орталығы филиалының маманы.**

МАМАН КЕҢЕСІ

# ТУБЕРКУЛЕЗДІҢ АЛДЫН АЛУ



Туберкулез (құрт ауруы) – (лат. тілінде Tuberkulum - төмпешік) – ауа тамшылары арқылы жұғатын және ағзаға туберкулез бактериялары түскенде дамитын созылмалы жұқпалы ауру. Адам ағзасының тырнақ пен шашты қосқанда, барлық органдары мен тіндерін зақымдайтын туберкулездің өкпеден тыс түрлері де дамуы мүмкін.

Туберкулез қоздырғышы – туберкулез таяқшасы, Кох таяқшасын – белгілі неміс ғалымы Роберт Кох 1882 жылғы 24 наурызда ашқан. 1982 жылы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы және Халықаралық туберкулезбен және өкпе ауруларымен күрес одағы 24 наурызды ресми түрде Дүниежүзілік туберкулезбен күрес күні деп атауды ұсынды.

Жұқпаның негізгі көзі – ашық түрдегі туберкулезі бар науқас адам, себебі оның қақырығынан туберкулез таяқшасы бөлінеді. Еденге немесе жерге қақырықты түкірген кезде ол шаңмен араласады. Осындай шаңмен демалған дені сау адамның туберкулезді жұқтыруы әдбен мүмкін. Адам туберкулез таяқшасымен зақымданған шикі сүтті және басқа да сүт өнімдерін пайдалану кезінде, ауру жануарға күтім жасау барысында туберкулезді жұқтыруы мүмкін. Туберкулездің белсенді түрімен ауыратын науқас тиісті ем қабылдамаса, жылына 10-15 адамға дейін жұқтыруы мүмкін. Алайда туберкулезді жұқтырғандардың барлығы науқас болып саналмайды, себебі иммундық жүйе қоздырғыш үшін тежеу бола алады. Иммундық жүйесі әлсіреген адамның ауруға мүмкіндігі жоғары. Көптеген адамдар өмір бойы туберкулез бактериясын жұқтырған болуы мүмкін, бірақ аз ғана бөлігінде ауру дамиды. Туберкулез бактериялары сыртқы ортаға өте төзімділігімен ерекшеленеді. Көше шаңдарында бактериялар өмір сүру қабілетін 10 күнге дейін сақтайды, ал кітап беттерінде өмір сүру қабілетін 3 айға дейін, науқастың киімі мен төсек жаймасында 3 – 4 айға дейін, суда 5 айға дейін сақтаса, қарда – шексіз.

Туберкулез жұқтыру барысында аурудың дамуы мен ауыр ағымына ықпал ететін факторлар көп. Бұл – әлеуметтік тұрмыстың нашарлығы, дұрыс тамақтанбау, психологиялық күйзелістер, ілеспе аурулар (қант диабеті, жарақаттар, созылмалы өкпе аурулары, АИТВ/ЖИТС), зиянды әдеттер.

Туберкулездің негізгі белгілері:

1. салмағын жоғалту;
2. тершеңдік;
3. кеуде тұсының ауыруы;
4. Қан түкіру;
5. жалпы әлсіздік және тез шаршау;
6. дене қызуының ұзақ уақыт көтеріңкі болуы.

Туберкулездің алдын алу шаралары:

1. БЦЖ вакцинасы перзентханада баланың 1-4 күндерінде міндетті түрде енгізіледі. Келесі ревакцинация 6-7 жаста жасалады. Бұлар өз кезегінде милиарлы туберкулезден және туберкулезді менингиттің дамуы мен асқынуын және таралуын тежейді.

2. Уақтылы анықталып, дер кезінде емдеу басталғанда туберкулез емделетіндігін есте сақтаған жөн. Әйтпегенде, кеш анықталса, өлімге әкеп соқтыруы да әбден мүмкін. Өкпе туберкулезін уақтылы анықтау үшін қақырыққа бактериоскопиялық зерттеу жүргізіледі. Балалардың туберкулезді жұқтыруын уақтылы анықтау үшін Манту сынамасы салынады. Манту сынамасы бір жастан бастап, жылына 1 рет салынады. Нәтижесі 72 сағаттан кейін жарық жерде мөлдір сызғыштың көмегімен папуланы (түйінді) өлшеу арқылы белгілі болады. Папуланың тек көлденең өлшемі тіркеледі, ал қызарған аймағы есептелмейді.

3. Жеке бас гигиенасы ережесін сақтау – жуу құралдары мен ағын суды пайдаланып қолды, ыдысты жуу, бөлмеге ылғалды тазалық жүргізу және желдету.

4. Дұрыс тамақтана отырып (ет, сүт өнімдері, балық, дән тағамдары, көкөністер мен жидектерді асқа жеткілікті мөлшерде пайдалану), салауатты өмір салтын ұстану, тұрақты түрде денешынықтыру жаттығуын жасау, қалыпты демалыс, таза орта, темекі, алкоголь, есірткіден аулақ болу.

5. Жеке гигиеналық құралдар мен ыдыстарды пайдалану.

6. Ет пен сүтті міндетті түрде термиялық өңдеуден өткізу.

7. Қоршаған орта гигиенасы, мақсаты – анықталмаған және уақтылы ем қабылдамаған науқастардан ауруды жұқтыру қаупін төмендету:

1. үйді тұрақты түрде желдету;
2. айналаңдағыларға түкіру – жұқпалы аурудың таралуына ықпал ететін жағымсыз әдет екенін түсіндіру.
3. көпшілік жүргіншілердің қозғалысы басталмай тұрып, таңертеңгі уақытта көшелер мен аулаларды тазарту, бұл шаңнан мүмкін болатын Кох таяқшасын жұқтыру қаупін төмендетуге мүмкіндік береді.
4. тура күн сәулелері 5 минут ішінде туберкулез қоздырғыштарын өлтіреді; .
5. 1% натрий гипохлориді қақырықты ерітіп, туберкулез таяқшасын тез жояды;.
6. Кох таяқшасы 60Стемпературада 20 минуттан кейін және70С температурада 5 минуттан кейін өледі;.
7. науқас пайдаланған қағаз беторамалдарды міндетті түрде өртеу керек;
8. көрпелер мен жүннен жасалған заттарды желге қағу және күнге жаю залалсыздандырудың ең қарапайым әрі жақсы әдісі болып табылады. Сондай-ақ, туберкулез бактериялары жоғары температураға сезімтал келеді;
9. сонымен қатар, Кох таяқшасына хлор белсенді әсер етеді, сондықтан хлорамин ерітіндісін, хлорлы әкті зарарсыздандыру үшін жиі қолданады.

Өдеріңізді күтіңіздер!

**Мүллиха ШИБУЧИКОВА,**
**Мағжан Жұмабаев ауданының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы.**

# ЕРЕСЕКТЕР ЖЫЛЫНА КЕМІНДЕ БІР РЕТ ФЛЮОГРАФИЯЛЫҚ ТЕКСЕРУДЕН ӨТУ КЕРЕК

Туберкулездің таралуының алдын алуға бағытталған негізгі шаралар балаларды иммундау, науқастар мен жұқтырған адамдарды ерте анықтау және емдеу, туберкулез инфекциясы ошақтарында эпидемияға қарсы іс-шаралар жүргізу болып табылады.

Ауруды ерте анықтау мақсатында біздің елімізде туберкулезге қарсы профилактикалық тексерулер жүргізілуде. Ересек тұрғындар үшін жылына кемінде бір - екі рет (кәсібіне, денсаулық жағдайына және әртүрлі тәуекел топтарына жататындығына байланысты) өкпені флюорографиялық тексеру қарастырылған.

12 айдан бастап балалар үшін жыл сайынғы Иммунологиялық зерттеулер (Манту сынамасы, Диаскинтест) жүргізіледі. Туберкулез қоздырғышын жұқтыру қаупі жоғары болған кезде тексеру жиілігі артады.

Туберкулезге қарсы ерекше иммунитетке туберкулезге қарсы вакциналармен (БЦЖ және БЦЖ-М) иммундау арқылы қол жеткізіледі.

Жаңа туған нәресте перзентханада өмірдің алғашқы күндерінде егіледі, бұл 5-7 жылға созылатын иммунитетті қамтамасыз етеді.

Иммундау жас балалардағы туберкулез менингитінің дамуына жол бермейді, балаларды туберкулездің ауыр түрлерінен қорғайды және инфекция кезінде оның даму қаупін азайтады.



Спецификалық емес профилактика отбасының барлық мүшелерін туберкулезге уақтылы тексеруден, инфекция ошағындағы байланыстағы адамдарды тексеруден, сондай – ақ салауатты өмір салты қағидаттарын сақтаудан-жаман әдеттерден бастартудан, дұрыс тамақтанудан, еңбек пен демалыс режимінің оңтайлы үйлесімінен, жеткілікті ұйқыдан, таза ауадағы қозғалыс белсенділігінен тұрады.

Өзіңізге және жақындарыңызға қамқорлық жасаңыз!

**Алтын ЕРБОЛАТҚЫЗЫ,**
**аудандық емхананың жалпы тәжірибе дәрігері.**

«ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАҒДАРЫ»

# МАҢЫЗЫ ЗОР, МАҚСАТЫ АЙҚЫН

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа арнаған Жолдауында алда атқарылар жұмыстар мен болашақтың бағыт-бағдары айқындалды. Жолдаудың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» деп аталуының өзі көп жайтты аңғартып отырғандығын халық толық түсініп, қолдау білдіреді.**




Мемлекет басшысы Жолдауда елдің экономикалық құрылымына қатысты реформалардың негізгі басымдықтарына тоқтала келіп, ел тағдыры үшін айрықша маңызы бар бірқатар жобаны жүзеге асыруды алға тартты.

Солардың қатарында ел экономикасы мен өндірісінің негізгі бағыттарының бірі саналатын ауыл шаруашылығы саласына көп көңіл бөлінді. «Біз агроөнеркәсіп кешенінде нақты серпіліс жасауымыз керек. Ауыл шаруашылығының әлеуеті зор. Еліміздің стратегиялық мақсаты – Еуразия құрлығындағы басты аграрлық орталықтың біріне айналу», деп атап көрсетті.

Сондай-ақ кейінгі жылдары бүкіл еліміз бойынша қатты алаңдаушылық туғызып, өнеркәсіптің қалыпты дамуына кедергі келтіріп отырған су тапшылығы мәселесі, оны шешу жолдарына жан-жақты тоқталды. Жолдауда: «Су ресурсы – еліміздегі өзекті мәселелердің бірі. Жан-жақты ойластырылған су саясатын жүргізу, трансшекаралық суларды пайдалану мәселелерін шешу – Үкіметтің алдында тұрған аса маңызды міндеттер. Еліміз үшін судың маңызы мұнай, газ немесе металдан кем емес. Су шаруашылығы жүйесін тиімді дамыту мәселесімен дербес мекеме айналысуы қажет деп санаймын. Сондықтан Су ресурстары және ирригация министрлігі құрылады. Министрліктің аясында Ұлттық гидрогеология қызметі қайта жұмыс істейтін болады», деген жолдар бар.

Жастарымыз білімді, білікті болса, еліміз дамиды, экономикамыз көтеріледі. Сондықтан қазір жаңа өмірге қадам басқан студенттер мен жас ғалымдарға жағдай жасау, оларды мемлекет тарапынан қолдап, әртүрлі бағдарламаны іске асырудың маңызы зор. Біз жастарды отансүйгіштікке, мемлекетке деген адалдыққа үйретуіміз қажет. Оның барлығы балабақшадан басталуға тиіс.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында жастар саясатына қатысты бірқатар мәселеге тоқталды. Солардың бірі жастарды дамыту мен оларды қолдауға арналған бағдарлама қажет екенін айтты. Ендігі міндет – осы бағыттағы жұмыстарды жүйелі түрде жүргізуге байланысты.

Жолдауда айшықталған тағы бір маңызды мәселе – салық саясаты. «Кәсіпкерлер қосымша құн салығын қайтару рәсімінің күрделі екені жөнінде орынды мәселе көтеріп, шағымданып жүр. Бұл жайт еліміздегі инвестициялық ахуалға кері әсерін тигізеді. Үкімет көптен бері түйіні тарқамай келе жатқан осы мәселені шұғыл шешуге тиіс. Сондай-ақ салық жеңілдіктерін беру тәртібін реттеу қажет. Олар экономикалық ынталандыру шараларының нысаналы тәсілі болуы керек», деді Мемлекет басшысы. Міне, бұл айтылғандар да өндірісіміздің дамуына тікелей қатысты. Қосымша құн салығын қайтару рәсімін жеңілдету де кәсіп иелерінің қызметін алаңсыз өрістетуіне септігін тигізеді.

Әрбір еңбеккерден сапалы жұмыс талап ету үшін олардың алаңсыз жұмыс істеуіне жақсы жағдай жасау керек. Мемлекет басшысының Үкімет алдына қойып отырған басты талабы да осы. Сол тұрғыда маңызды міндеттер, түйінді тапсырмалар тізбектелген бұл Жолдауды барша отандастарымызды «Әділетті Қазақстан» құру жолында жаңа белестерді бағындыруға жетелейтін және ортақ мақсатқа жұмылдырған құнды құжат деп бағалаған жөн.

**Еркебұлан ЕЛУБАЕВ,**
**«Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» РҚБ аудандық филиалының төрағасы.**

# 27 АҚПАН – ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАР КҮНІ

27 ақпанда Дүниежүзілік үкіметтік емес ұйымдар күні немесе Дүниежүзілік ҮЕҰ күні атап өтіледі. Қазақстанда үкіметтік емес сектор әлеуметтік мәселелерді шешуде және азаматтық бастамаларды жандандыруда мемлекеттің сенімді серіктесі болып табылады.ҮЕҰ рөлін Мемлекет басшысы ерекше атап көрсетеді. Оларға өзекті мәселелерді шешуде азаматтық қоғамның рөлін күшейту және халықтың өмір сүру сапасын арттыру бойынша міндеттер қойылды. Қазіргі уақытта біздің елімізде ҮЕҰ ны мемлекеттің қолдау тетіктері қалыптасып жұмыс істеуде:

- Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, гранттық қаржыландыру және сыйлықақылар.

Біздің ауданда 11 үкіметтік емес қоғамдық бірлестік тіркелген: «Жас Тәлімгер» жастар қоғамдық бірлестігі, «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау қауымдастығы» қоғамдық бірлестігі; Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының іскер әйелдер қоғамдық бірлестігі, «Чистов орта мектебінің түлектері мен оқытушыларының бірлестігі» қоғамдық қоры, «Полисся» украин мәдени орталығы» қоғамдық бірлестігі, «Армандар орындалатын жерде» қоғамдық қоры, «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің аудандық филиалы, «Ауылға жақсылық» жеке қайырымдылық қоры.

Аталған ҮЕҰ-ның әрқайсысы адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту, олардың құқықтары мен мүдделерін қорғау, сондай-ақ Әлеуметтік және экологиялық мәселелерді шешу мәселелерін шешуге өз үлесін қосады. «Жас Тәлімгер» жастар қоғамдық бірлестігі, жетекшісі А.Н. Қанышев 2023 жылы белсенді қоғамдық жұмысы үшін облыс әкімінің Алғыс хатымен, жақында құрылғанына қарамастан «Ауылға жақсылық» ЖҚҚ қатысушылары аудан тұрғындары үшін көптеген игі істер, қайырымдылық іс-шаралар жасады.




Тіркелген ҮЕҰ-дан басқа аудан аумағында бірлестіктер жұмыс істейді: Аналар кеңесі, Әкелер кеңесі, Ақсақалдар кеңесі, олар мұқтаж жандарға көмек көрсетуге және аудандағы өмірді жақсартуға бағытталған түрлі әлеуметтік және қайырымдылық бастамаларға қатысады.

Мемлекеттің қазіргі дамуының негізгі ресурсы адами капитал, оның әлеуеті мен дамуы, яғни әлеуметтік капитал болып табылады.

Қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді шешуде үлкен рөл атқаратын азаматтық белсенділерді халықаралық үкіметтік емес ұйымдар күнімен құттықтаймыз! Еліміздің азаматтық қоғамын дамыту, шығармашылық және кәсіби белсенділік, табысты және пайдалы жобалар үшін маңызды және негізгі міндеттерді іске асыруда сәттілік тілейміз!

**Айгүл ӘБСАЛЫҚОВА,**
**діни және қоғамдық бірлестіктермен жұмыс жөніндегі бас маманы.**

АУДАН ӘКІМДІГІНДЕ

# «МАҒЖАН» ШЕКАРА БӨЛІМІНЕ ЖАҢА БАСТЫҚ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ





21 ақпан күні аудан активіне «Мағжан» шекара бөлімінің бастығы Дабылбеков Абай Дабылбекұлы таныстырылды. Аталмыш жиынға аудан әкімі Қайрат Омаров, ҚР ҰҚК Шекара қызметі Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті бастығының орынбасары – штаб бастығы, подполковник Рауан Қоңқабаев, құқыққорғау органдарының басшылары, мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың басшылары, Булаев қаласы мен ауылдық округтердің әкімдері, қоғам және БАҚ өкілдері қатысты.

Кездесуді ашқан аудан басшысы СҚО бойынша департаменті бастығының орынбасарына сөз берді.

- Құрметті мағжандықтар! ҚР ҰҚК СҚО бойынша Департамент бастығының 2024 жылғы 27 қаңтардағы № 25 жқ бұйрығымен «Мағжан» шекара бөлімінің бастығы лауазымына майор Дабылбеков Абай Дабылбекұлы тағайындалды.

Абай Дабылбекұлы Алматы облысында дүниеге келген, 2014 жылы Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі академиясын бітірген. 2014-2019 жылдары Жамбыл облысы Қордай ауданында шекара застава бастығының орынбасары, шекара застава бастығы лауазымында қызмет атқарған. 2019 жылы Мағжан Жұмабаев ауданы Қарақоға ауылында «Баян Батыр» шекара заставасының бастығы лауазымына тағайындалсын. 2021 жылдың қаңтар айынан осы уақытқа дейін «Мағжан» шекара бөлімі бастығының орынбасары лауазымында қызмет атқарды.

«Мағжан» шекара бөлімі Мағжан Жұмабаев ауданы бойынша жалпы 262 шақырым мемлекеттік шекараны күзетуді және қорғауды жүзеге асырады, оған бағынысты «Аралағаш», «Келтесай», «Баян Батыр» және «Қасқат» атты төрт шекара бөлімшесі бар. Өткен жылы «Мағжан» шекара бөлімінің жауынгерлік іс-әрекетінің қорытындысы бойынша жауапты аумағында шекара режимін бұзушылар 46 адам анықталып, әкімшілік жазаға тартылды, оның ішінде ҚР азаматтарынан басқа Ресей, Үндістан, Ауғанстан елінің азаматтары болды. Шекаралық аумақта заң бұзушылықтар 78 адам анықталып, әкімшілік жазаға тартылды, - деді Рауан Сыдықжанұлы.

Кездесу соңында Қайрат Қайроллаұлы жаңадан тағайындалған Абай Дабылбекұлына сәттілік тілеп, мемлекеттік шекараны күзету мен қорғауда жергілікті атқарушы органдар шекарашылармен бірге өзара әрекет ететінін жеткізді.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

АЛҚА КЕҢЕСІ

# МӘДЕНИЕТ ПЕН ЖАСТАР САЯСАТЫН ДАМЫТУ МАҢЫЗДЫ

Аудан әкімі аппаратының мәжіліс залында мәдениет және жастар саясаты саласындағы қызметкерлердің алқа кеңесі өтті. Кеңес жұмысына аудан әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Азамат Шәріпов, білім бөлімі басшысының міндетін атқарушы Талғат Қарабаев, санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Игілік Шонтаев, аудандық мұрағат директоры Нұржихан Кукла, аудандық тарихи-өлкетану мұражайының директоры Серік Жұмағұлов, Zoom режимінде - Булаев қаласы мен ауылдық округ әкімдері, кітапханашылар мен ауданның ауылдық округтерінің клуб қызметкерлері қатысты.



Отырыста мәдениет саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын іске асыру мәселелері, өткен жылғы жұмыс қорытындылары және ағымдағы жылға арналған мәдени-демалыс мекемелерінің, ауданның кітапхана жүйесінің, жастар ресурстық орталығының жоспарлары талқыланды.

Негізгі баяндамалармен ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Сәуле Нұрқайдарова, аудан әкімдігінің көркемөнерпаздар халық шығармашылығы және бос уақыт қызметі орталығының әдіскері Ғалия Жакенова, орталықтандырылған кітапхана жүйесі директорының м.а. Сандуғаш Бекішева, жастар ресурстық орталығы директорының м. а. Мария Галайдина сөз сөйледі.

Отырыс барысында мәдениет мекемелерінің жетістіктері, проблемалары мен жұмысындағы кемшіліктер туралы байыпты әңгіме болды, сондай-ақ материалдық-техникалық базаны нығайту, заманауи технологияларды қолдану, электрондық кітапхананы толықтыру мәселелері талқыланды.

Кеңес қорытындысы бойынша ағымдағы жылға арналған сала жұмысының негізгі бағыттары белгіленді. Сондай-ақ, жастармен, атап айтқанда, neet санатындағы жастармен жұмысты белсендіру, халықты мәдени-демалыс қызметіне тарту жөніндегі мәдениет мекемелерінің жұмысын жандандыру, кәсіпкерлік өкілдерімен әлеуметтік-мәдени әріптестікті дамыту бойынша міндеттер айқындалды.

КӘСІПТІК БІЛІМ

# КОЛЛЕДЖДІ ДАМЫТУДАҒЫ ЖАҢА ҚАДАМ



Булаев қаласындағы кәсіптік даярлау және сервис колледжі дәнекерлеушілерді даярлау саласындағы Солтүстік Қазақстан облысының флагманы болып табылады, оны жергілікті мамандар ғана емес, республикалық деңгейдегі сарапшылар да мойындайды. WorldSkills кәсіби шеберлік чемпионатында колледж студенттерінің тұрақты табысты өнер көрсетуі осының дәлелі болып табылады. 2022 жылы Тимченко Михаил және 2023 жылы Витковских Вадим республикалық деңгейдегі медальон иегерлері атанды. Бірақ біздің оқу орнымыз бір орында тұрмайды, сондықтан 2024 жылғы 27 ақпанда Булаев қаласының кәсіптік даярлық және сервис колледжі жанындағы «Дәнекерлеу технологиялары» құзыреттілік орталығының ашылды.

Іс-шараға білім басқармасының өкілдері, колледждің әлеуметтік серіктестері қатысты. Қонақтарға оқу аудиториялары, аспаздар зертханасы, шеберхана көрсетілді, сондай-ақ студенттердің жатақханада тұру жағдайларымен таныстырылды. Іс-шараның негізгі бөлігінде өндірістік оқыту шебері Родион Леонидович Царегородцев құзыреттілік орталығы бойынша егжей-тегжейлі экскурсия өткізіп, іс-шара қонақтарын шеберханамен жабдықталған заманауи дәнекерлеу жабдықтарымен таныстырды, сондай-ақ "Дәнекерлеу технологиялары" құзыреттілігінде болашақ чемпиондарды дайындаудың қыр-сыры туралы айтты.

Іс-шара соңында студенттердің дайындық деңгейін көрсететін шеберлік сыныбы өткізілді. Бақылау үлгілерін дәнекерлеу бойынша импровизацияланған жарыста қазіргі кәсіпқой, көп жылдық тәжірибесі бар маман және 3 курс студенті бақ сынасты. Барлық қонақтар студенттің жұмысын қажетті сапа стандарттарына сәйкес деп танып, құзыреттілік орталығына одан әрі дамуын тіледі.

Қорытындылай келе, аталған орталықтың міндеттері қатысушыларды кәсіби шеберлік конкурстарына дайындаумен шектелмейтінін атап өткім келеді, бұдан басқа болашақта қысқа мерзімді курстар ашу, сондай-ақ саланың қолданыстағы мамандары үшін біліктілікті арттыру бойынша мүмкіндіктер беру жоспарлануда.

Батыр ӘБІЛМӘЖІНОВ,
колледж директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

1 НАУРЫЗ - АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ

# АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ: ТАРИХЫ МЕН ТАҒЫЛЫМЫ

***2016 жылдың 14 қаңтарында 1 наурыз елімізде Алғыс айту күні деп жарияланды. Осыдан 28 жыл бұрын 1 наурызда Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылғанын ескерсек, Алғыс айту күнінің неліктен дәл осы күні тойланатынын түсінеміз. Бұл – Қазақстан халқын біріктіруге бағытталған, еліміздің тарихына құрмет көрсетіп, барлық ұлт пен ұлысты бір шаңырақ астына топтастыратын күн. Азаматтардың бір-біріне құрмет көрсетіп, алғыс айтатын мереке. Қазіргі таңда отанымыздың түкпір-түкпірінде әртүрлі ұлт өкілдері ел ертеңіне үлес қосып, еңбек етіп, бейбіт өмір сүріп жатыр. Бүгінгі мерекеге орай, бұл мейрамның тарихы мен тағылымына назар аударып шолу жасап көрейік.***

## АЛҒЫС АЙТУ КҮНІНІҢ ҚЫСҚАША ТАРИХЫ

Қазақстан халқы бұл мейрамды алғаш рет 2016 жылы атап өтті. Алғыс айту күнінің этносаралық өзара іс-қимылдың бірегей институты – Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күнімен сәйкес келуінің астарында терең мән бар. Өткен ғасыр ауыр нәубетпен сыналған ғасыр болды.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Кеңес режимі батыс шекарадағы халықтарды «сатқындық жасауы мүмкін» деген жаламен күштеп көшіре бастады. Бұдан бөлек Қиыр Шығыстағы азғантай корей диаспорасын да айдауға салды. Осы кезде қазақ даласына түрлі ұлттарды жаппай күштеп көшіру басталды.

1946 жылы Кеңес одағында жер аударылған халықтардың жалпы саны 2,5 миллионға жеткен. Кейбір деректерде үш миллионға жуықтаған деп көрсетіледі. Ал осының ішінде Қазақстан аумағына жер аударылғандары 1 миллион 200 мың адам екен. Алайда құжаттарға сүйеніп елімізге көшірілген халықтың нақты санын айту өте қиын. Себебі қоныс аударушыларды әр ай сайын қайта тіркеу, оның ішінде жаңадан қосылғандармен араластырып тіркеу, бір отбасын басқа жерге қайта көшіріп жіберу, туыстардың бөлініп кетуі, кейбір отбасының қайта қосылуы секілді жағдайлар өте көп кездесетін еді. Әр жылдары 800 мыңдай неміс, 102 мың поляк, Солтүстік Кавказ халықтарының 550 мың өкілдері, Қиыр Шығыстан 18,5 мың корей отбасы жер аударып, көшіп келуге мәжбүр болған деген деректер бар. Жер аударылғандар қазақ даласында көбіне егін шаруашылығымен, мал өсірумен айналысты. Кейін барлық өнеркәсіп саласына атсалысты. Бұл өз кезегінде Қазақстан экономикасының дамуына мол үлес қосты.

Кейін 1957 жылы күштеп жер аударылған халықтардың өз отандарына қайтуына рұқсат берілді. Соған қарамастан, олардың көбі қазақ жерінде қалып қойды. Кавказ халықтары мен немістерге, түріктерге ғана өз жерлеріне қайтуға мүмкіндік берілмеді. Жер аударылғандар Сталиннің өлімінен кейінгі Хрущевтің «жылымығы» жылдарында жағдай түзеле бастады. Осы кезде күштеп қоныс аударылған халықтардың қазақ жерінде туып-өскен жаңа буыны өсіп, өркендеді, олар әр салада кәсіп етті. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін де Қазақстанды өз отаны санайтын буын ел үшін қызмет етіп жатыр.

Міне, Алғыс айту күнінің тарихы әріде жатыр. Көктемнің алғашқы күнімен қатар келген бұл күннің басты мазмұны қазақ еліне кезіндегі қолғабысы мен қайырымды ісі үшін алғыс айтуды білдіреді. Түрі, діні, тілі, мәдениеті, салт-дәстүрлері басқа этнос өкілдерін бөтенсімей, өгейсітпей көкірегіне басқан қазақтың шексіз мейірімі мен жүрегінің кеңдігін, қазақтың өзі де осындай ұлы нөпірдің арасында жоғалып кетпей сақтап қалған қасиетін де ерекше атап өту керек.



Бүгінде Алматы, Батыс Қазақстан, Жамбыл және Түркістан облыстарында «Қазақ еліне мың алғыс» атты монументтер бой көтерген. Бұл ескерткіштерді еліміздегі түрлі этностық топтар басына күн туған кезде бауырына басқан қазақтың жері мен еліне алғыс ретінде өз бастамаларымен тұрғызған болатын. Сонымен қатар елорда төрінде «Қазақ Елі» монументінің де бой көтеруі қазақ ұлтының айналасына топтасу идеясын күшейте түсті.

## АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ ӘЛЕМ ЕЛДЕРІНДЕ ҚАЛАЙ ТОЙЛАНЫП ЖҮР?

Алғыс айту күні тек біздің елімізде ғана емес, әлемнің түкпір-түкпірінде де атап өтіліп жүр. Мысалы, АҚШ-қа назар аударсақ, Әлемдік жылнамада 1621 жылы ағылшын колонистерінің бастамасымен күнтізбеге «ризашылық» білдіретін күн енгізіледі. Қаһарлы қыста аштықтан зардап шеккен жұрттың көңіл-күйін көтеру үшін губернатор Уильям Брэдфорд Алғыс айту күнін белгілейді. Айналадағы басқа да көршілер бұл игі дәстүрді жақсы ықыласпен қабылдады. Қараша айының төртінші бейсенбісінде атап өтілетін мереке астық жинау мезгілімен тұспа-тұс келеді. АҚШ-тағы бұл айтулы күні әр шаңырақтың мерекелік дастарханында көкөністер мен күркетауық тұрады. Ұлттық күнтізбеге енген осы мерекенің түпкі идеялық мәні американдықтардың өз Конституциясына ризашылық білдіруіне негізделген. Осылайша, Алғыс айту күні нағыз ұлттық мереке ретінде 1863 жылы АҚШ-тағы Азамат соғысы кезінде тараптарды бір дастарханға шақырудан басталды. Өзара келіссөзді жандандыруға себепші болды. Ал 1957 жылдан бері Канадада да Алғыс айту күні қазанның екінші дүйсенбісінде аталып келеді. Канадада бұл мерекенің шығу тарихы ауыл шаруашылығы өнімдерін жинаудан бастау алады. Германияда алғыс айту мейрамын «Erntedankfest» деп атайды, ол қазан айының алғашқы жексенбісінде егін алқабында тойланады. Келесі жылы да егін түсімі осылай мол болсын деген ниетпен тамаша табиғатқа, орман, көкөніс, жеміс-жидек тарту еткен тағдырға алғыс айтады. Дастарханға Германияның дәстүрлі тағамдарын, жаңа піскен көкөніс, жеміс-жидек, дәнді-дақыл, өзге де дәмді-тәттілерді қойылады. Бұдан бөлек Израиль халқы да Суккот мерекесі – алғыс айту күнін 3000 жылдан бері тойлап келеді. Шөл далада ауырмай-сырқамай, аман-сау өмір сүретініне, тағдырға алғыс айтады.

## МЕРЕКЕЛІК КҮННІҢ МАҢЫЗЫ ҚАНДАЙ?

Алғыс айту мерекесіне қатысты ҚР Парламент Сенатының депутаты Геннадий Шиповских өз пікірін білдірді. Ол алғыс айту мейрамы қазақстандықтар үшін өте маңызды екенін атап өтіп, бүгінгі күннің батырларына алғыс айтты.

«Дәл осы күні күллі этнос өкілдері қазақ халқына дән ризашылығын білдіреді. Кезінде қазақ халқы сонау қиын-қыстау кезеңде өзінің жомарттығын, көмегін көрсеткен. Алғыс айту күні арамызда жүрген бүгінгі күннің батырларына да алғыс білдіруіміз керек. Пандемия кезінде бізді аман-есен алып қалған дәрігерлер, төтенше жағдай кезінде бізге көмекке асығатын өрт сөндірушілер, жалпы еліміздің қауіпсіздігі мен қорғанысын қамтамасыз етіп жүрген қарулы-күштер қызметкерлеріне алғысымызды білдіреміз», - деді Геннадий Шиповских.

Ол өз сөзінде елге қызмет етіп жүрген әр азамат қаһарман екенін атап өтті.

«Дәл қазіргі кезде елімізде Мемлекет басшысы бастаған үлкен саяси реформалар сәтті жалғасып жатыр. Саяси реформалардың аясында қаншама игі істердің куәсі болып отырмыз. Референдум, Президент сайлауы, Сенат сайлауы өтті. Алдымызда саяси дода Мәжіліс сайлауы өтеді. Осының бәрін бірігіп, қоғам болып іске асырып отырмыз. Менің ойымша, осы күні бірлесіп атқарған әр жұмыс үшін қоғамымызға да алғыс жеткізуіміз керек деп санаймын», - деді депутат.

Жетісу облысы Ақсу ауданы Қапал ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы Владимир Чепель де бұл мереке ең алдымен, қазақ жеріне, қазақ халқына шексіз алғыс айту күні деп санайды. Ол қазақ жерінен пана тапқан өзге этностар қазақ халқына шексіз риза екенін жеткізді.

«Алғыс айту күні – ортақ тарихымызға көрсетілген құрметтің, бүкіл қазақстандықтардың өз шаңырағына айналған киелі қазақ жеріне деген ризашылықтың белгісі. Бұл мереке мен үшін ең алдымен, қазақ жеріне, қазақ халқына шексіз алғыс айту мүмкіндігі. Себебі қазақ халқы қандай заман болмасын, ешкімді ұлтқа, дінге бөлмей, соңғы нанымен бөлісті деп айтуға болады. Тағдыр тәлкегіне түсіп, жан сауғалап келіп, қазақ жерінен пана тапқан өзге этностар қазақ халқына шексіз риза. Олар қазақтың дархан даласынан жылу, пана тапты. Бүгінде біздің ұрпағымыз Қазақстанды өз Отаны деп санайды», - деді Владимир Чепель.

Қорытындылай келе, бұл мерекеде ұлтымыздың салт-санасында берік қалыптасқан достық, қайырымдылық және ынтымақ сынды мызғымас құндылықтар кеңінен дәріптелетінін айта кеткен жөн. Біз осы күнді кешегі ауыр тарихты еске ала отырып, бүгінгі береке-бірліктің маңызын түсініп, қадірін білетін күн ретінде қарастыруымыз қажет. Ешбір ұлт, ешбір халық Қазақстан жерінде таршылық көрмесін, бөлектеуге ұшырамасын деп тілейміз.

«AMANAT» ПАРТИЯСЫНА - 25 ЖЫЛ

# «AMANAT» - ОЗЫҚ ОЙ МЕН ӘДІЛДІКТІҢ, БІРЛІК ПЕН ІЛГЕРІЛЕУДІҢ ПАРТИЯСЫ



Қазақстан дамудың жаңа дәуіріне қадам басты. Біздің алдымызда түбегейлі саяси, экономикалық реформаларды табысты іске асыру, демократиялық қағидаларға негізделген жаңа, Әділетті Қазақстанды құру міндеті тұр.

Осындай тарихи, жауапты кезеңде, ортақ мүдде мен мақсат үшін бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаратын уақыт келді. Себебі, мемлекеттің дербестігі, ұлттың азаттығы, қоғамның еркіндігі – ешқашан, еш нәрсеге айырбасталмайтын ұлы құндылық. Мұны еңбектеген баладан еңкейген көріге дейін біліп, бағалауы тиіс.

«AMANAT» партиясы әрқашан қоғамдық-саяси үдерістердің бел ортасында жүр. Біз түрлі көзқарастар мен ой-пікірлердің тоғысатын, үндесетін алаңымыз. Біздің партия әр адамның құқығы мен бостандығын қорғайды. Біздің партия ортақ құндылықтармен, ұлттық мүддемен және бір болашақпен біріккен қоғамды қалыптастырады. Біздің партия мемлекетті алмастырмайды, бірақ халықтың сұранысына жауап беріп, тиімді шешімдер ұсынады.

«AMANAT» партиясы еліміздегі ең ірі, ықпалды саяси күш ретінде, бұлжымас қағидаларын, саяси мақсаттары мен заманауи бағыт-бағдарын айқындады.

«AMANAT» партиясы, ел аманатын арқалай отырып, Қазақстанның болашағына бей-жай қарамайтын барша азаматтарды Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың түбегейлі реформаларын қолдауға, Әділетті Қазақстан құру идеясының төңірегіне бірігуге, халық болып, ұлт болып ұйысуға шақырады.

Біздің мақсатымыз – Қазақстанның әрбір азаматының құқы, еркі қорғалған, адал еңбегімен, білім-білігімен көздеген асыл мұратына қол жеткізе алатын демократиялық, әділетті әрі бақуатты мемлекет құру.

Біздің міндетіміз – Қазақстанның территориялық тұтастығы мен мызғымастығын сақтау, қауіпсіздігін күшейту, халықтың әл-ауқатын жақсарту, ұлтымыздың рухани болмысын жаңғыртып, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін түпкілікті орнықтыру, ашық азаматтық қоғам қалыптастыру.

Тірегіміз – Тәуелсіздік, тілегіміз – Әділет, бағдарымыз – Бірлік!

1 наурыз күні «AMANAT» партиясының құрылғанына 25 жыл толуын атап өтеміз. Партияның тарихы 1999 жылдың 1 наурызында "Отан" республикалық саяси партиясының бірінші съезі өткен кезде басталады.

Партия осы жылдар ішінде кең әлеуметтік база құрып, барлық әлеуметтік санаттарды қамтып, негізгі бағдарламаларды орындай алды. «AMANAT» партиясы әділдік, жауапкершілік және прогрестің негізгі құндылықтарымен еліміздің дамуында алдыңғы қатарда болды. Бүгінгі таңда партия партиялық жобаларды іске асыру арқылы адамдар мен әлеуметтік топтардың нақты мүдделеріне жанашырлықпен қарайды.

Қазір бастауыш партия ұйымдарының жұмысы бірінші орынға қойылды. Бүгінгі таңда біздің ауданда 1627 мүшесі бар 17 «бастауыш ұйымы» жұмыс істейді. Олар елдің әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін жұмыс істей отырып, қоғамды жақсартуға мызғымас міндеттеме көрсетті. Біздің партиялықтар ауыл шаруашылығында, мектептерде, медициналық мекемелерде еңбек етеді, кәсіпкерлікпен, шығармашылықпен айналысады, ауданның қоғамдық өміріне белсенді қатысады.

Аманаттықтардың халықтар арасындағы бірлік пен келісім құндылықтарын насихаттауға қосқан үлесін ерекше атап өткен жөн. Өздеріңіз білетіндей, 1 наурызда Алғыс айту күні де атап өтіледі. Ол бізге ең қиын кезеңдерде халқымыздың бірлік пен ынтымақты сақтағанын, жоғары мұраттарға адал болып қалғанын, мейірімділік пен жанашырлық танытқанын еске салады.

Ел Президенті атап өткендей, «Жалпыұлттық бірлікті нығайта отырып, кез келген қиындықты еңсеріп, әділ, гүлденген Қазақстанды құруға болады». Мемлекет басшысын қолдай отырып, «AMANAT» бірлік пен ынтымаққа бағытталған шараларды жүзеге асыруды жалғастыруда.

Бұл «AMANAT» партиясының Саяси платформасында да көрсетілген. Сондықтан достықты, қайырымдылықты, көмекті, ұлтаралық келісімді нығайту жөніндегі міндеттер «AMANAT» партиясы үшін басты бағыттардың біріне айналды. Біздің қолдаушыларымыздың әрқайсысы партияның рухын бейнелейтіндіктен, мен оларға көлемді еңбегі мен белсенді жұмысы үшін жеке алғысымды білдіргім келеді. Біз үшін өмірінің бір бөлігін партияға арнаған адамдармен бірге жұмыс істеу ерекше қуаныш. Сондықтан барша партиялықтарға, мағжандықтарға зор денсаулық, қажымас қайрат, алған қойған мақсат-міндеттердің сәтті жүзеге асуын тілеймін.

**Төлеген ӘБІЛМӘЖІНОВ,**
**«AMANAT» партиясы аудандық филиалының төрағасы.**

ҚАРИЯЛАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ

# МАҒЖАНДЫҚ АРДАГЕРЛЕР САНАТОРИЙГЕ АТТАНДЫ



Біз дәстүрлі түрде аға буын өкілдеріне құрметпен қараймыз және оларға біз үшін жасаған барлық істері үшін алғыс айтамыз. Осындай ризашылықтың бір көрінісі "Сосновый бор" санаторийінде қарттардың демалысын ұйымдастыру болды. Осындай іс-шараға облыс және аудан әкімдері бастамашылық жасап отыр.

Алғыс айту күні қарсаңында аудандық ардагерлер кеңесі қарттардың бірінші партиясы санаторийге жіберді. Бұл "СК Агро 2050" ЖШС (басшысы Н.Ю. Кляйн), "Таманское" ЖШС (Н.Б. Туницкий) және "Чистовский" ЖШС (А.П. Глушко) агроқұрылымдарының басшыларының қолдауының арқасында мүмкін болды.

Айта кету керек, зейнеткерлердің көп бөлігін Анатолий Петрович Глушко санаторийге жіберді. Бұл кәсіпорын басшысы ауыл еңбеккерлерін қалай бағалап, лайықты қарт адамдарға құрмет көрсетудің керемет үлгісін көрсетіп отыр. Алдағы уақытта мұндай игі істер жалғасын табатынан сенімдімін.

**Оралбай САҒЫНДЫҚОВ,**
**аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы.**

БЖЗҚ ХАБАРЛАЙДЫ

# ЗАҢНАМАҒА 2024 ЖЫЛЫ ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР

«БЖЗҚ» АҚ 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының заңнамасына енгізілген бірқатар негізгі жаңашылдықтардың күшіне енгенін хабарлайды:

**1) «Ұлттық Қор – балаларға» бағдарламасын іске асыру**

01.01.2024 ж. бастап Мемлекет басшысы бастамашылық еткен "Ұлттық қор - балаларға" бағдарламасын (бұдан әрі – Бағдарлама) іске асыру басталды. Оның шеңберінде Қазақстан Республикасының барлық кәмелетке толмаған азаматтарына (нысаналы талаптарға қатысушыларға) жыл сайын есепті жылдың алдындағы он сегіз жылдағы орташа алынған Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының (бұдан әрі – Ұлттық қор) инвестициялық табысының 50% есептелетін болады), сондай-ақ, жыл сайын осы сомаға инвестициялық кіріс есептеледі.

Осылайша, 2024 жылдың қаңтар айында БЖЗҚ 2023 жылдың 31 желтоқсанының соңындағы жағдай бойынша "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорынан алынған мәліметтер негізінде нысаналы талаптарға қатысушылардың электрондық тізімін жасайды.

Осы тізім және ҚР ҰБ-дан Ұлттық қор кірісінің 50% сомасы туралы алынған ақпарат негізінде БЖЗҚ бір балаға арналған 2023 есепті жылдағы нысаналы талаптардың сомасын есептейді және оны өзінің ақпараттық жүйесіне енгізеді.

Нысаналы талаптарға қатысушыларға нысаналы талаптарды есептеу 01.02.2024ж. кешіктірілмей жүзеге асырылады. Оларды төмендегі тәсілдер арқылы тексеруге болады:

заңды өкілдерге "электрондық үкімет" веб-порталындағы Жеке кабинетінде (www.egov.kz);

БЖЗҚ-ның интернет желісінен (www.enpf.kz).

Бұған қоса, БЖЗҚ-ның enpf.kz интернет-ресурсында статистикалық ақпарат тұрақты түрде орналастырылады. Атап айтсақ:

1) нысаналы талаптарға қатысушылар мен нысаналы жинақтарды алушылардың жасы, жынысы, тұратын өңірлері бөлінісі бойынша саны туралы есеп;

2) нысаналы жинақтарды уәкілетті операторлар, өңірлер және қосалқы мақсаттар бөлінісінде тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алуға ақы төлеу мақсатында пайдалану жөніндегі есепті қамтиды.

Бағдарламаға қатысушыларға нысаналы талаптарды есептеу олар 18 жасқа толғанға дейін жыл сайын жүргізілетін болады. Нысаналы талаптар мен нысаналы жинақтарды есепке алу АҚШ долларымен жүзеге асырылады.

18 жасқа толған кезде нысаналы жинақтарды алушы жинақталған соманы тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім беру ақысын төлеу мақсатында ғана пайдалануға құқылы.

Нысаналы жинақтарды алу үшін нысаналы жинақтарды алушы не оның заңды өкілі БЖЗҚ-мен өзара іс-қимыл туралы келісім жасасқан уәкілетті операторлардың біріне (ЕДБ және "Қазпошта" АҚ) жүгініп, уәкілетті операторда АҚШ долларымен банк шотын ашуы керек. Нысаналы жинақтар төлемін пайдалану мақсатын (тұрғын үй жағдайларын жақсарту немесе білім алуға ақы төлеу) көрсете отырып, нысаналы жинақтар төлеміне өтініш беруі (уәкілетті оператордың интернет ресурсы арқылы) қажет.

Қазақстан Республикасының азаматтығынан 18 жасқа толғанға дейін де, 18 жастан кейін де шыққан немесе Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылған адамдар нысаналы жинақтарды пайдалану құқығынан айырылады.

Жеке тұлға қайтыс болған жағдайда, нысаналы жинақтар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен мұраға қалдырылады.

**2) Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының енгізілуі**

01.01.2024 жылдан бастап қолданыстағы жинақтаушы зейнетақы жүйесі жаңа шартты-жинақтаушы құрамдауыш - жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарымен (ЖМЗЖ) толықтырылды.

ЖМЗЖ мөлшері қызметкердің ай сайынғы табысына байланысты және жұмыс берушінің қаражаты есебінен қаржыландырылатын болады. Жұмыс берушіге түсетін жүктеменің теңгерімді болуы мақсатында ЖМЗЖ жарнаны кезең-кезеңімен ұлғайта отырып аударылатын болады:

- 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап – 1,5 пайыз мөлшерінде;
- 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап – 2,5 пайыз мөлшерінде;
- 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап – 3,5 пайыз мөлшерінде;
- 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап – 4,5 пайыз мөлшерінде;
- 2028 жылғы 1 қаңтардан бастап – 5 пайыз мөлшерінде.

ЖМЗЖ-ны біртіндеп енгізу, сондай-ақ, оны салық салынатын табыстан шегеру жұмыс берушіге түсетін жүктемені жеңілдету үшін қарастырылған. Сонымен қатар, заңнамаға сәйкес, ЖМЗЖ барлық жұмысшылар үшін емес, тек 1975 жылы және одан кейін туылғандар үшін төленуі керек.

2024 жылдан бастап ЖМЗЖ енгізу қызметкер зейнетке шыққаннан кейін оның зейнетақымен қамсыздандырылу деңгейін арттыруға ықпал ететін болады.

**3) Зиянды өндірістерде жұмыс істейтін қызметкерлерге арнайы әлеуметтік төлемдер**

Қазақстан Республикасының азаматтары, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар 55 жасқа толған және олар үшін жиынтығында кемінде 84 ай міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (бұдан әрі - МКЗЖ) төленген кезде:

1. еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда жұмыс істейтін адамдардың арнайы әлеуметтік төлемге құқығы бар. Ол төмендегі төлемдерді қамтиды:

1) арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақы;

2) зейнетке шығу алдындағы аннуитеттік сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемі;

3) жұмыс берушінің қаражаты есебінен кәсіптік төлем;

4) БЖЗҚ-дан МКЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемі.

Арнаулы әлеуметтік төлемдерге құқық қызметкер зиянды еңбек жағдайлары бар жұмыстарда еңбек қызметін тоқтатқан немесе зиянды өндірістік факторлардың әсерін болдырмайтын басқа жұмысқа ауысқан жағдайда туындайды;

2. зиянды еңбек жағдайлары бар жұмыстарда жұмыс істемейтін (жұмыстан босаған) адамдардың мыналарға құқығы бар:

1) арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақы;

2) БЖЗҚ-дан МКЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемі.

**4) Зейнетақы жинақтарын өмірді сақтандыру компаниясына аударуды оңтайландыру**

Сақтанушының қалауы бойынша зейнетақы аннуитеті шарты (бұдан әрі - ЗАШ) сақтандырушыға жазбаша өтініш жасау не сақтандырушының интернет-ресурсын немесе сақтандыру жөніндегі дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым (бұдан әрі - БСДҚ) – "Мемлекеттік кредиттік бюро" АҚ-ның (бұдан әрі - МКБ) қатысуымен құрылған интернет-ресурсты пайдалана отырып сақтанушы мен сақтандырушы арасында ақпарат алмасу жолымен жасалуы мүмкін.

Осылайша, жаңашылдықтарға сәйкес, 01.01.2024 ж. бастап сақтандыру ұйымдарымен ЗАШ жасасқан салымшыларға (алушыларға) БЖЗҚ-ға зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына аудару туралы өтінішпен жүгінбеуге болады.

Бұл ретте сақтандыру ұйымдары МКБ иесі болып табылатын бірыңғай сақтандыру дерекқорына (БСДҚ) жасалған ЗАШ туралы мәліметтерді беру арқылы БЖЗҚ-мен жасалған ЗАШ бойынша деректер алмасуға міндетті болады.

Өз кезегінде МКБ БЖЗҚ-мен жасалған тиісті келісім негізінде БЖЗҚ-ға сақтандыру ұйымдарынан алынған, жасалған ЗАШ туралы мәліметтерді беретін болады. Жасалған ЗАШ бойынша МКБ арқылы деректер алмасу тәртібі мен мерзімдері № 44 Қағидаларда реттелген.

БЖЗҚ № 44 Қағидаларға сәйкес МКБ-дан мәліметтер алған кезде ҚР заңнамасының талаптары сәйкес келген жағдайда, зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымдарына МКБ-дан жасалған ЗАШ туралы мәліметтерді алған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде аударады.

Сонымен қатар, өтініш берушінің зейнетақы аннуитеті шартының түпнұсқасын ұсына отырып, зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына аудару туралы өтініш беру мақсатында БЖЗҚ-ға жүгіну құқығы сақталады.

«БЖЗҚ» АҚ Басқарушы директоры М.Т. Шәріповтың аталған өзгерістер туралы түсініктемесі Қордың You-tube арнасында жарияланған және мына сілтеме бойынша қолжетімді: https://www.youtube.com/watch?v=YgvNjhZB38A (қазақ тілінде).

«БЖЗҚ» АҚ Басқарма Төрағасы Ж.Б. Құрмановтың аталған өзгерістер туралы түсініктемесі Қордың You-tube арнасында жарияланған және мына сілтеме бойынша қолжетімді: https://www.youtube.com/watch?v=jyJKIHbLvVY (орыс тілінде).

**«БЖЗҚ» АҚ баспасөз қызметі.**

ЗАҢ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

# ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН БЕРУДІ ТОҚТАТУ (ШЕКТЕУ) ШАРТТАРЫ

«Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Атомдық және энергетикалық қадағалау және бақылау комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша аумақтық департаменті» ММ (бұдан әрі – Департамент) электр энергиясын ажыратуға қатысты өтініштердің жиілеп кетуіне байланысты мынаны хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы бұйрығымен бекітілген «Электр энергиясын пайдалану қағидаларының» 51 тармағына сәйкес тұтынушының электр энергиясын тек үш жағдайда ғана өшіре алады: берешегі болғанда не оны толық өтемегенде, электрмен жабдықтау шартында белгіленген электр тұтыну режимін бұзғаны үшін және белгіленген мерзімдерде энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымның электр энергиясын жою туралы талаптарын орындамаған кезде.

Егер бұл заңды тұлға болса, онда оны ажырату туралы шарттың акцептінде көрсетілген тәсілдермен (электрондық пошта, факс, пошта жөнелтілімі, қысқа мәтіндік хабарлама, мультимедиялық хабарлама, қолданыстағы мессенджерлер) күнтізбелік бес күн бұрын жазбаша хабарлауға тиіс. Жеке тұлғаларға келетін болсақ, 30 күнтізбелік күн бұрын хабарланады.

Энергия беруші немесе энергия өндіруші ұйым алдын ала ескертусіз тұтынушыға электр энергиясын толық беруді тоқтатады:

1) электр энергиясын қабылдағыштарды энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымның электр желісіне өз бетінше қосу;

2) электр энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптарынан басқа (есепке алмағанда) электр энергиясын қабылдағыштарды қосу;

3) Тұтынушының кінәсінен электр энергиясы сапасының көрсеткіштерін энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымның және басқа да Тұтынушылардың электр қондырғыларының жұмыс істеуін бұзатын мәндерге дейін төмендету;

4) энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымдар мен энергетикалық қадағалау және бақылау органы өкілдерінің электр энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптарына және тұтынушының электр қондырғыларына жұмыс уақытында (іссапарға жіберілген адамның құқықтарында) жол бермеуі;

5) авариялық жағдай.

Егер тұтынушыға хабарламаса және энергия беруші ұйымның қызметкерлері 30 күнтізбелік күн өткенге дейін электр энергиясын беруді тоқтатса, онда қызметті пайдаланушы фото немесе видео түсіру арқылы не болып жатқанын камераға түсіре алады.

Бұдан әрі барлық мән-жайларды анықтау үшін фото/бейнематериалдарды қоса өтініш жазу қажет және Департаментке Петропавл қ., Қазақстан Конституциясы к-сі, 11, каб. 204 мекен-жай бойынша жүгінесіз немесе «Е-өтініш» азаматтардың барлық өтініштерін қабылдау мен өңдеудің бірыңғай платформасы арқылы жүзеге асырылады.

Егер нәтижесінде энергия беруші (энергиямен жабдықтаушы) ұйымның заңсыз әрекеттер жасағаны анықталса, 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес әкімшілік іс қозғалады.

Департамент тұтынушыларды қарыздарды болдырмау үшін электр энергиясын тұтыну үшін қызметтерге уақтылы ақы төлеуге шақырады, бұл өз кезегінде көрсетілетін қызметтің сапасына әсер етеді.

**Николай БОРЗИЛОВ,**
**департамент басшысы.**

СПОРТ

# «СОЛТҮСТІК - 2024» қысқы спорт мерекесі









*22-25 ақпан аралығында Қызылжар ауданы Бескөл ауылында «Солтүстік - 2024» облыстық қысқы спартакиадасы аясында финалдық жарыстар өтті. Аталмыш додаға облыстың 13 ауданы қатысты.*

Біздің ауданның спортшылары қысқы Президенттік көпсайыста бақтарын сынап, ерлер арасында жеке есепте 35-39 жас санатында Александр Астахов 3-ші орынды иеленсе, 60 және одан жоғары жас санатында Василий Подмогильный жарыс жеңімпазы атанды. Әйелдер арасында 18-20 жас санатында Полина Щербакова қола жүлдегер атанса, 35-39 жас санатындағы Ирина Гаер күміс жүлдені ұтып алды, ал 60 жас санатында сынға түскен Надежда Скрипникова үздік нәтиже көрсетіп, алтын медаль иеленді.

Керлинг бойынша команда құрамында Ерғашев Әділ, Ерғашева Иззат пен Тихонова Елизавета жарыстың финалдық бөлігіне шығып, Тайынша және Ғабит Мүсірепов ауданының командасын жеңіп, 4 орынға тұрақтады.

Конькимен жүгіру спортында 500 метр қашықтықтағы жекелей есепте Валерий Колесников 2-ші орын алса, 1000 метр қашықтықта 1-ші орынды жеңіп алды. Шаңғы жарысы сайысында эстафетада өнер көрсеткен Валерий Колесников, Эльдар Зарипов, Артем Белялов жарыс чемпионы атанды.

Сондай-ақ шаңғы жарысында әйелдер арасында жарыс жолына шыққан Полина Щербакова, Арина Бурлева, Камила Құсайынова, Ирина Гаер эстафетада қола жүлдені қанағат тұтты.

Шайбалы хоккейден ауданның құрама командасы жылда жүлделі оралып жүретін, биыл үздік төрттік ғана енді. Олар өз тобында Есіл ауданынан жеңіліп, Ғабит Мүсірепов ауданын жеңді, осылайша біздің ауданның хоккейшілері 3-4 орынға сынға түсу үшін кіші топтан шықты. Тартысты ойын нәтижесінде аудан командасы Қызылжар ауданының командасына 2:1 есебімен жол берді.

Дегенмен, біздің ауданның құрама командасы 7-ші орынға тұрақтап, лайықты өнер көрсетті. Сондықтан мен барша аудан спортшыларын аудан намысын қорғап, бар өнерін ортаға салғандары үшін алғыс білдіріп, мықты денсаулық, мол бақыт, амандық-саулық пен сәттілік тілеймін!

**Жанат ӘУБӘКІРОВ,**
**ауданның дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы.**

ӨРЕНДЕР ӨМІРІ

# «AMANAT CUP» ШАХМАТ ТУРНИРІ ӨТТІ




*1 наурыз – «Amanat» партиясының құрылған күні. Осыған орай, «Amanat» партиясы аудандық филиалының ұйымдастыруымен Медвежка орта мектебінде «AMANAT CUP» шахмат турнирі ұйымдастырылып, оған 17 мектептен 80-нен астам оқушы қатысты. Ең кішкентай шахматшы 10 жаста болды. Жалпы жарыс үш жас аралығында өтті.*

Сайыстың қорытындысы бойынша 10-11 жас аралығында Дүзелбай Аманғазы (Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектеп) мен Кендебай Фатима (Сарытомар ОМ) 3-ші орынды, Кувшинова Евгения (Медвежка ОМ) мен Мұхаметов Арман (Хлебороб ОМ) 2-ші орынды, Поляков Владислав (Таман мектеп-бақша-бөбекжай кешені) 1-ші орынды иеленді.

Ал 12-14 жас аралығында Сыздықов Шыңғыс (Хлебороб ОМ) мен Новицкая Марианна (Булаев мектеп-бақша-бөбекжай кешені) 3-ші орыннан, Балашов Артур (Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясы) мен Сәрсенбай Жансерік (Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектеп) 2-ші орыннан көрінсе, Қасенов Диас (Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектеп) турнир чемпионы атанды.

15-17 жас аралығында Федоренко Вячеслав (Чистов ОМ) пен Бишель Андрей (Полудин ОМ) жарыстың қола жүлдегері, Тағанов Бегарыс (Фурманов ОМ) пен Қазов Дархан (№2 Булаев ОМ) күміс жүлдегері атанса, Құралбай Нұрсұлтан (Сарытомар ОМ) алтын медальды жеңіп алды.

Осылайша, жарыс жеңімпаздары бағалы сыйлықтармен марапатталса, жүлдегерлер ақшалай ыйлықтарға ие болды.

**Төлеген ӘБІЛМӘЖІНОВ,**
**«Amanat» партиясы аудандық филиалының төрағасы.**

Директор - бас редактор
Неля ГОНЧАР

Газеттің меншік иесі:
«Газета «Вести» ЖШС

Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Батыр Баян көшесі, 13 үй.
Тел: 2- 17- 49.
Басылым индексі 65360
e- mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

Газет аптасына 1 рет бейсенбі күні шығады

«Magjan juldyzy» газеті редакцияда теріліп беттелді. «Северный Казахстан» баспаханасында басылды. (Петропавл қ., Кошуков к-сі, 5 үй). Таралымы - 780

Газет аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың тапсырысы бойынша шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізудегі ресми басылым болып табылады

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395- Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің меншігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізіп беру мәселелері жөнінде 2- 17- 80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады